

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігін құрылымдық қайта құру туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 12 маусым N 813. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

ЕСКЕРТУ. Қаулының атауындағы, қосымшасындағы және қаулының мәтініндегі сөздер ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 510 қаулысымен. P990510_

Халықаралық стандарт талаптарын және ұлттық есеп жүргізу жүйесін ескере отырып, статистиканы реформалауды жеделдету, Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің басқару аппаратының адам санын ұстауға бөлінген қаражаттың ұтымды және үнемді жұмсалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ республикалық бюджеттен статистикалық ақпарат жинау, әзірлеу, қорыту мен талдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

1 - 7 < * > .

<*>ЕСКЕРТУ: 1-7, 10-тармақтардың күші жойылған - ҚРМК-нің 1995.12.19. N 1817 P951817_ қаулысымен, 8,9, 11-тармақтар тиісінше 1,2,3-тармақтар болып саналсын.

1. Статистикалық және экономикалық ақпаратты жинауға, әзірлеуге, құруға және оларды шығаруға кететін шығындарды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітетін Статистика және ұйымдастыру жұмыстарының регламентіне сәйкес республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.<*>

2. Статистика және ұйымдастыру жұмыстарының регламентіне сәйкес дайындалып, ұсынылатын статистикалық және экономикалық ақпарат үшін ақы төлеу республикалық бюджет есебінен:

Қазақстан Республикасының Парламенті, Президенті мен Үкіметі Аппараттарына, сондай-ақ ТМД мүше-мемлекеттерінің статистикалық органдары мен халықаралық ұйымдарына қабылданған мемлекетаралық келісімдерге сәйкес Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне осы мақсатқа бөлінген қаражат шегінде;<*>

бюджет қаражаты есебінен ұсталатын министрліктерге, ведомстволарға, облыстық, қалалық, аудандық әкімдерге және басқа да заңды тұлғаларға оларды

ұстауға жұмсалатын шығыс сметасы шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігіне статистикалық ақпаратты басқа заңды және жеке тұлғаларға келісім шарттар жағдайында таратуды жүзеге асыруға және одан түскен қаражатты есепайыру шотына қосып, ал шетелдік пайдаланушылардан түскен қаражатты - валюта шотына қосуға р ұ қ с а т е т і л с і н . < * >

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі ай сайын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне өткен ай үшін келесі айдың үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей тұтыну бағаларының индексі жөніндегі ақпараттарды беруді, сондай-ақ өткен ай үшін тұтыну бағаларының индексі жөніндегі ақпараттарды ресми басылымдарда жариялауды қамтамасыз етеді.<*>

Түскен қаражатты жұмсау тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі б е к і т е д і .

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі және оның аумақтық органдары өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Бас прокуратурасына, Әділет министрлігіне және олардың жергілікті жерлердегі органдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі мен Мемлекеттік тергеу комитетінің қозғалған қылмыстық істер жөнінде сұрау салуы бойынша статистикалық және талдау ақпараттарын тегін береді<*>.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ 5 абзацпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 510 қаулысымен. P990510_

3. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

<*>ЕСКЕРТУ: 9-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.09.26. N 1177 қаулысымен P961177_ (1 0 - т а р м а қ) < * >

<*>ЕСКЕРТУ: 10-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1995.12.19. N 1817 қаулысымен,. P951817_

Қазақстан Республикасы
М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң
1995 жылғы 12 маусымдағы
N 813 қаулысына

1-Қосымша
Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Б а с ш ы л ы қ

Әлеуметтік-экономикалық талдау, есеп және статистикалық
ұйымдастыру бас басқармасы
Ұлттық шоттар жүйесінің бас басқармасы
Өндіріс және инвестициялар статистикасының жетекші басқармасы
Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы статистикасының жетекші
б а с қ а р м а с ы
Сыртқы экономикалық байланыс пен қызмет көрсету статистикасының
ж е т е к ш і б а с қ а р м а с ы
Әлеуметтік және демографиялық статистиканың жетекші басқармасы
Баға статистикасының жетекші басқармасы
Төлем балансы статистикасының жетекші басқармасы
Ақпаратпен қамтамасыз ету бас басқармасы
Жоспар-қаржы жұмыс бөлімі
Бухгалтерлік есепке алу және есеп беру бөлімі
Іс басқармасы

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 маусымдағы
N 813 қаулысына

2-Қосымша

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
ж ү й е с і н і ң
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі
Статистика жөніндегі облыстық және Алматы қалалық басқармалары мен
статистика жөніндегі Ленинск қалалық бөлімі

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің
Статистикалық зерттеулер институты

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі және Еңбек
министрлігінің Есепке алу, статистика, еңбек және жұмыспен қамту кадрларын
даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін көтеру жөніндегі
республикалық салааралық институт

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 маусымдағы
N 813 қаулысына

3-Қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күшін жойған
ш е ш і м д е р і н і ң
Т І З Б Е С І

1. "Қазақ ССР Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті, облыстық және Алматы қалалық статистика және талдау жөніндегі басқармаларының мәселелері" туралы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 28 ақпандағы N 141 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті қызметінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 15 қазандағы N 864 қаулысының 14-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 40, 593 - б а п) .

3. "Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары жөніндегі Ұлттық агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы N 1073 қаулысының 18-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасының Монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 29 наурыздағы N 242 қаулысының 13-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 10, 121-бап).

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Тіл комитеті туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 мамырдағы N 374 қаулысының тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 16, 194-бап).

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 30 қыркүйектегі N 977 қаулысының 7 - т а р м а ғ ы .

7. "Қазақстан Республикасы Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 15 қарашадағы N 1136 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 43, 526-бап).

8. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 56 қаулысының 6-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 4, 34-бап).

9. "Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 қыркүйектегі N 983 қаулысы .

10. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1124 қаулысының 10-тармағы (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 42, 457-бап).

11. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Экономикалық реформалар орталығы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 1470 қаулысының 7-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 49, 552-бап).

12. "Қазақстанның Мемлекеттік даму банкі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 қаңтардағы N 59 қаулысының 8-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 3, 37-бап).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 6 ақпандағы N 115 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне енгізілетін өзгертулер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 62-бап).

14. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Шет ел капиталын пайдалану жөніндегі комитет туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 10 мамырдағы N 633 қаулысының 7-тармағы.